



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫНЫҢ

ӨКІМІ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

ГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКРЕТАРЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде және музейлерінде Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстанның полиэтностығының тарихы залын ашу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде және музейлерінде Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстанның полиэтностығының тарихы залын ашу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық мемлекеттік органдар, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері Іс-шаралар жоспарының мерзімінде орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-іне дейін Іс-шаралар жоспарының іске асырылуы туралы жинақ ақпаратты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсынсын.

4. Іс-шаралар жоспарын іске асыру жұмыстарын үйлестіру және оның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығына жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы**

Г.Әбдіқалықова

Астана, Ақорда, 2015 жылғы 28 қазан

№ 6



Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде және музейлерінде
Қазақстан халқы Ассамблеясының және Қазақстанның полиэтностығының тарихы залын ашу жөніндегі
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№ р/с	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қазақстанның полиэтностығының тарихы залын ашу жөніндегі тұжырымдама жобасын әзірлеу (бұдан әрі – зал)	Тұжырымдама жобасы, ПӘ-не ақпарат	2015 жылғы 20 қарашаға дейін	МСМ, ҚХАХ
2.	Зал экспонаттарының тізбесін қалыптастыру, оларды жүйелі классификациялау	Экспонаттар тізбесі, ПӘ-не ақпарат	2015 жылғы 1 желтоқсанға дейін	МСМ, ҚХАХ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері
3.	Зал дизайны мен көркемдік безендіру жобасын әзірлеу	Зал дизайны мен безендірілу эскиздері, ПӘ-не ақпарат	2015 жылғы 20 желтоқсанға дейін	МСМ
4.	Қазақстан Республикасының музейлерінде залды ашу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және жіберу	Әдістемелік ұсынымдар, ПӘ-не ақпарат	2015 жылғы 20 желтоқсанға дейін	МСМ

1	2	3	4	5
5.	Залдың экспозициялық-көрмелік жабдықтарын, бағдарламалық-техникалық шешімін құрастыруды жүргізу	ПӘ-не ақпарат	2016 жылғы 25 ақпанға дейін	МСМ
6.	Залдың экспонаттарын белгілі жүйемен орналастыру (хронологиялық, типологиялық) және экспозицияларды ұйымдастыру	ПӘ-не ақпарат	2016 жылғы 25 наурызға дейін	МСМ, БҒМ
7.	Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясын өткізу қарсаңында залдың салтанатты ашылу рәсімін ұйымдастыру	ПӘ-не ақпарат	2016 жылғы сәуір	МСМ, ҚХАХ, БҒМ
8.	Залға келушілерді арттыру мақсатында ақпараттық-имидждік іс-шаралар өткізу	2016 жылғы 20 желтоқсанға ПӘ-не ақпарат	2016 жылдың соңына дейін	МСМ, ИДМ, ҚХАХ, БҒМ
9.	Бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау арқылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында музейлерде залдарды ұйымдастыру және ашу	2016 жылғы 20 желтоқсанға ПӘ-не ақпарат	2016 жылдың соңына дейін	МСМ, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдіктері, ҚХАХ, ИДМ

Ескерту: аббревиатураларды талдау:

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
 ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі
 ҚХАХ – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы
 МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
 ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫНЫҢ

ӨКІМІ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

ГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКРЕТАРЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Об утверждении Плана мероприятий по созданию
в Национальном музее и музеях Республики Казахстан
зала истории Ассамблеи народа Казахстана и
полиэтничности Казахстана**

1. Утвердить прилагаемый План мероприятий по созданию в Национальном музее и музеях Республики Казахстан зала истории Ассамблеи народа Казахстана и полиэтничности Казахстана (далее – План мероприятий).

2. Центральным государственным органам, акимам городов Астаны и Алматы, областей обеспечить своевременное исполнение Плана мероприятий.

3. Министерству культуры и спорта Республики Казахстан ежеквартально до 5 числа месяца, следующего за отчетным кварталом, представлять информацию о реализации Плана мероприятий в Администрацию Президента Республики Казахстан.

4. Координацию работы по реализации Плана мероприятий и контроль за его исполнением возложить на Секретариат Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан.

**Государственный секретарь
Республики Казахстан**

Г.Абдыкаликова

Астана, Акорда, 28 октября 2015 года

№ 6



УТВЕРЖДЕН

распоряжением

Государственного секретаря

Республики Казахстан

от 28 октября 2015 года

№ 6

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ**по созданию в Национальном музее и музеях Республики Казахстан зала истории Ассамблеи народа Казахстана и полиэтничности Казахстана**

№ п/п	Мероприятие	Форма завершения	Сроки исполнения	Ответственные исполнители
1	2	3	4	5
1.	Разработка проекта Концепции по созданию зала истории Ассамблеи народа Казахстана и полиэтничности Казахстана (далее – зал)	проект концепции, информация в АП	до 20 ноября 2015 года	МКС, САНК
2.	Формирование перечня экспонатов зала, его систематическая классификация	перечень экспонатов, информация в АП	до 1 декабря 2015 года	МКС, САНК, акиматы городов Астаны, Алматы и областей
3.	Разработка проекта дизайна и художественного оформления зала	эскизы дизайна и оформления зала, информация в АП	до 20 декабря 2015 года	МКС
4.	Разработка и рассылка методических рекомендаций по созданию зала в музеях Республики Казахстан	методические рекомендации, информация в АП	до 20 декабря 2015 года	МКС

1	2	3	4	5
5.	Проведение монтажа экспозиционно-выставочного оборудования, программно-технического решения зала	информация в АП	до 25 февраля 2016 года	МКС
6.	Размещение экспонатов зала по определенной системе (хронологической, типологической) и организация экспозиций	информация в АП	до 25 марта 2016 года	МКС, МОН
7.	Организация торжественного открытия зала в преддверии проведения сессии Ассамблеи народа Казахстана	информация в АП	апрель 2016 года	МКС, САНК, МОН
8.	Проведение информационно-имиджевых мероприятий в целях привлечения посетителей зала	информация в АП к 20 декабря 2016 года	до конца 2016 года	МКС, МИР, АНК, МОН
9.	Организация залов и их открытие в музеях под эгидой 25-летия Независимости Республики Казахстана с широким освещением в средствах массовой информации	информация в АП к 20 декабря 2016 года	до конца 2016 года	МКС, акиматы городов Астаны, Алматы и областей, САНК, МИР

Примечание: расшифровка аббревиатур:

АП – Администрация Президента Республики Казахстан

МИР – Министерство по инвестициям и развитию Республики Казахстан

МКС – Министерство культуры и спорта Республики Казахстан

МОН – Министерство образования и науки Республики Казахстан

САНК – Секретариат Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан